

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н.ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



«Педагогика» кафедрасының 60 жылдығына арналған «ЗАМАНАУИ
ҚОҒАМ ЖӘНЕ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ БІЛІМ БЕРУ» тақырыбындағы
халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдарының
ЖИНАҒЫ

22-сәуір, 2022 ж.

СБОРНИК

материалов Международной научно-практической конференции
посвященной 60-летию кафедры «Педагогика» на тему: «СОВРЕМЕННОЕ
ОБЩЕСТВО И ПЕДАГОГИЧЕСКОЕ ОБРАЗОВАНИЕ»

22-апреля, 2022 г.

COLLECTION

of materials International scientific and practical conference dedicated to the 60th
anniversary of the department «Pedagogy» on the topic: «MODERN SOCIETY AND
PEDAGOGICAL EDUCATION»

22-April, 2022 y.



Нұр-Сұлтан, 2022

ӘОЖ 37.0

КБЖ 74.00

II 23

Редакция алқасы:

Д.Қамзабек - фил.ғ.д., профессор, Басқарма мүшесі - әлеуметтік-мәдени даму жөніндегі проректор, **Б.Ж.Сомжүрек** - «Әлеуметтік ғылымдар» факультетінің деканы, **М.П.Асылбекова** - «Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану» кафедрасының меңгерушісі, п.ғ.к., профессор м.а.; **Р.К.Төлеубекова** - п.ғ.д., профессор; **Қ.Қ.Шалғынбаева** - п.ғ.д., профессор; **Г.Қ.Длиббетова** -п.ғ.д., профессор; **Б.П.Сейтқазы** - п.ғ.д., профессор; **Қ.Т.Атемова** - п.ғ.д., профессор; **Г.К.Шолпанқұлова** - п.ғ.к., профессор м.а., **Г.Т.Уразбаева** -п.ғ.д., профессор м.а.; **С.С.Байсарина** -п.ғ.к., доцент; **Байменова Б.С.** - п.ғ.к., доцент; **Ботабаева Ә.Е.** - п.ғ.к., доцент; **Т.С.Слаббекова** - п.ғ.к., профессор м.а.; **Н.П.Албытова** - п.ғ.к., профессор м.а.; **Балтабаева Ж.Б.** - магистр.

ISBN 978-601-337-659-2

Жинақта Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, «Педагогика» кафедрасының 60 жылдығына арналған «**ЗАМАНАУИ ҚОҒАМ ЖӘНЕ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ БІЛІМ БЕРУ**» тақырыбындағы Халықаралық ғылыми-практикалық конференциясының Пленарлық мәжілісінде және «Білім беру мегатрендтері және олардың педагогтің кәсіби құзыреттілігін дамытуға әсері», «Қазақстандық педагогика болашақтың педагогтарын даярлаудың негізі ретінде», «Педагогикалық іс-әрекеттегі коллаборация бірыңғай білім беру кеңістігін дамыту ресурсы ретінде» деп аталатын секция жұмыстары бойынша тыңдалған баяндамалар қамтылды. -821бет.

ОӘЖ 37.0
КБЖ 74.00

ISBN978-601-337-659-2

және т.б. отбасы тәрбиесі мәселелерін жан-жақты қарастырып, зерттеген. Бүгінгі таңда отбасы тәрбиесі проблемаларының ғылыми негіздері Ресей ғалымдары *И.Гребенников, Л.Белова, Ю.Азаров, А.Пинт*, және т.б. тарапынан зерттелуде. Ал, Қазақстанда *Р.Төлеубекова, Г.Байдельдинова, Б.Айтмамбетова, С.Қоңырбаева, Ж.Қоянбаев, Р.Қоянбаев, Ж.Әбиев*, және т.б. ғалымдар тарапынан кеңінен зерттеліп келеді. Отбасындағы тәрбие көптеген ғылым саласында (социология, педагогика, психология, экономика, демография, құқықтану және т.б.) кеңінен зерттеліп, бүгінгі қоғам талаптарына сай отбасы тәрбиесін ұйымдастыру мәселелері көпшіліктің қызығушылығын арттырып отыр [5, 1996].

Сонымен қорытындылай келе, Б.Г. Ананьев зерттеп қарастырғандай, әлеуметтендіру үрдісінде баланың тәрбие объектісінен тәрбие субъектісіне айналуы айтарлықтай маңызды рөл атқарады. Отбасының рухани тіршілігіндегі негізгі функциясы бала тәрбиесі болып табылады. Отбасылық және қоғамдық тәрбие бір-бірімен өте тығыз байланысты, және олар қашанда бірін-бірі толықтырады. Алайда, отбасы тәрбиесі басқа тәрбие институттарындағы тәрбиеге қарағанда анағұрлым эмоционалды, өйткені оның негізінде өз кезегінде балалардың ата-анаға деген сүйіспеншілігін туғызатын ата-ананың балаға деген сүйіспеншілігі жатыр.

Әдебиеттер

1. Әбсаттаров Р., Дәкенов М.: Әлеуметтану/ Отбасыжәнеәлеуметтануы 2009 жыл. - 201-213 б.
2. Сқақова А.Ж. Отбасыжасұрпақтыәлеуметтендіру институты ретінде, авторефераты. –Астана, 2010. 9-10б.
3. Сухомлинский В.А. Цит. по книге: Тимошенко Л.Н. Воспитание старшекласниц. М.: Просвещение, 1990. - 191 с.
4. Хмель Н.Д., Хайруллин Г.Т., Муканова Б.И.//Педагогика//«Алматы», 2005ж. -199б.
5. Жумадуллаева А.А. Жоғары сынып оқушыларын отбасы некелік өмірге даярлаудың педагогикалық негіздері. : дисс. ... пед.ғыл.канд / Жумадуллаева А.А. – Түркістан, 2006.

ИНТЕРНЕТТІҢ БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНА ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ӘСЕРІ

Мырзамұрат Балерке Мошқалқызы

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,
Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану кафедрасының 1-курс магистранты
Ғылыми жетекшісі: **Муталиева А.Ш.**, п.ғ.к., доцент
Қазақстан Республикасы, Нұр-Сұлтан қ.

Аннотация. В данной статье рассматривается о значимости и преимуществах интернета. Также будут проанализированы его негативные последствия для школьников. Преобразования в современном мировом масштабе говорят о том, что изменения в сфере оперативного информатизации образования порождают необходимость повышения качества образования перед человеческим обществом. Поскольку информационно-коммуникативные технологии имеют особое значение, повышение способностей к воспитанию детей, их логического мышления, их развитие как субъекта, владение формирующимся социальным опытом личности, ее всестороннее гармоничное развитие.

Ключевые слова: безопасность интернета, школьник, начальное образование, психология, польза и вред интернета.

Abstract: This article discusses the importance and benefits of the Internet. Its negative consequences for schoolchildren will also be analyzed. Transformations on a modern global scale suggest that changes in the field of operational informatization of education give rise to the need to

improve the quality of education before human society. Since information and communication technologies are of particular importance, increasing the ability to raise children, their logical thinking, their development as a subject, possession of the emerging social experience of the person, its comprehensive harmonious development.

Key words: internet security, schoolboy, primary education, psychology, benefits and harms of the Internet.

Қоғам көз ілеспес жылдамдықпен дамып, бүгінгі таңда өзінің көптеген мүмкіндіктерін ұсынууда. Осы орайда интернеттің адамзат өмірінде алар орны ерекше. Бүгінгі таңда санаулы секундтар ішінде жылдам хабар алмасып, ақпаратқа қанық болып, ой-өрісті шыңдауға болады. Дегенмен, «Таяқтың екі ұшы бар» демекші, ол жас буын өкілдеріне кері психологиялық әсер ететіні де жасырын емес.

Қазіргі әлемдік ауқымдағы қайта құрулар жедел ақпараттандыру білім саласындағы өзгерістер адамзат қоғамы алдында білім сапасын арттыру қажеттілігін туындайтыны анық. Ақпараттық-коммуникативтік технологияның маңызы ерекше болғандықтан балалардың тәрбиелеу әдістерін, логикалық ойлау қабілеттерін арттыру олардың субъект ретіндегі дамуының, қалыптасып келе жатқан жеке тұлғаның әлеуметтік тәжірибені меңгеруі, оның жан-жақты үйлесімді дамуы болады. Жеке тұлғаның дамуы мен қалыптасуы мәселесінің көп ғасырлық тарихы бар. Ол көп аспектілі және әр түрлі ғылымдардың тоғысында қарастырылады. Ертедегі грек ғалымдары жеке тұлғаның дамуына табиғи тума қабілет, қоршаған ортада әсер етеді деп есептеген. [1] Сол себепті бүгінгі білім беру жүйесінің белсенділігін дамыту проблемасы өзекті әрі ерекше маңызға ие.

Төртінші индустриялық революция тудырған физикалық және цифрлық ақиқат арасындағы басты көпірдің бірі – интернет құралдары немесе «барлық құралдардың интернеті». Ең қарапайым түрде, ол заттардың арасындағы және адамдармен арадағы өзара байланысты технологиялар мен түрлі платформалар арқылы қамтамасыз ететін қарым-қатынас ретінде анықталады.[2]

Әрине, бүгінгі таңда интернеттің көмегімен сабақты түрлендіріп, ұстаздар қауымы қызықты әдіс-тәсілдерді жүзеге асыра алады. Дегенмен, мектеп жасындағы балалар ақпараттық технологияларды мейлінше аз қолданғаны дұрыс. Басты нысан білім алу мен дұрыс тәрбие берілуі керек екенін ескерсек, заманауи құрал – жабдықтар кейде өзінің кері әсерін тигізіп жататыны жасырын емес. Дәл осы кезеңде балалар өте еліктегіш, бір-бірінен қайталап, жылдам жаңалықты естігіш болып келеді. Жақсылық пен жамандықтың ара жігін ажырату аса қолдарынан келе қоймағандықтан, кез-келген жалған ақпаратқа еріп, дереу теріс жолға түсіп кетуі мүмкін. Қазіргі таңда ақпарат айдыны жалпыға ортақ, кез-келген дүние ғаламтор көмегімен қолжетімді болған тұста, өкінішке орай, қажет контентті ғана көрсетіп, өзгелерін бұғаттай алмаймыз. Сондықтан, соңғы уақытта мектеп психологтары, ювиналды полиция мамандары жасөспірімдермен мейлінше тығыз жұмыс жасап, үнемі олардың тәрбиесін бақылауда ұстауға тырысады. Көп ата-ана өз баласын қатардан қалдырмау үшін қажет құрылғысын сатып алып, қажеттілігін өтедім деп ойлайды. Алайда, көбіне оның ішінде қандай қосымшалар қызмет жасап жатқанынан бейхабар болуы мүмкін. Ал қазір кез-келген сала бойынша мобильді қосымша сайрап жатқандықтан, оның пайдасы да, зияны да бар екенін еске салған жөн. Ата-ана үнемі баласының қандай дүниелерге мән беріп, неге қызығатынын біліп, үнемі баласынан хабардар болып жүруі тиіс.

Гаджеттерге шамадан тыс құмарлық адам жадын төмендетіп, айналаға назар аудару қабілетін бәсеңдетеді. Кері жауап беру барысы біршама төмендеп, бақылау барысы азаяды. [3; 9]. Ғалымдардың зерттеуі бойынша есте сақтау қабілеті нашарлайтыны дәлелденіп, оның көлемінің төмендеуі, жасына сай дамуынан физикалық және эмоционалды тежелуіне әкеліп соғады. [4].

Балалар бір-бірімен өзара әрекеттесетін және балалардың өзі де әсер ете алатын айқұш-ұйқыш ортаның торында өсіп келеді. Ури Бронфенбреннер бірінші болып адам дамуының экологиясына назар аудару қажеттігін баса көрсетті. Ол үшін барлық әртүрлі

контексттер мен олардың бір-біріне қарым-қатынасын анықтайтын жүйелі тәсіл табу керек [5, 217 б.].

Әрбір жаңа буынның кемшілігін бетіне басу аға буын үшін аса жаңа нәрсе емес, дегенмен бұл жолы баланың дамуы мен тәрбиелену мазмұнында айырмашылық жетерлік. Мысалы, кейбір ата-ана баласына смартфон алып бергені үшін өкінеді, бірақ психологиялық құштарлық күшті болатыны сонша, олар оны тартып ала алмайды. Олар ереже жасағысы келеді, бірақ бұл қарым – қатынасқа нұқсан келтіретін, таусылмас соғысқа ұқсайды [5, 216 б.].

Оған қоса, әр ата-ана өз баласын қатардан қалдырмауды ойлап, оның психологиясына кері әсер тигізіп алудан қорқады. Сол себепті, оның зиянды екенін біле тұра баласының сұранысын қанағаттандыруға мәжбүр. Дегенмен, жаңа доспен қауышқан бетте бүлдіршіндер отбасылық құндылықтарды ұмытып, қарым – қатынастан барынша алшақтап, өз әлемінде өмір сүре бастайды.

Этикалық мәселелерді арнайы қарастырғаннан түсінікті болғандай, әлем барған сайын инновациялық және цифрлық технологияларға бой ұрған тұста әлеуметтік байланыстармен тығыз, жанды қарым-қатынастарды жүзеге асыратын адамның орнын сезіну қажеттілігі де соншалық ұлғая түсуде. Төртінші индустриялық революция біздің технологиямен арадағы жеке және қоғамдық қатынасты қиындата түседі де, біздің әлеуметтік дағдымыз бен адами түсінісу қабілетіміз төмендей бермек деген пікірлер де айтылып жүр [88].

Бастауыш сынып оқушылары жан дүниелері нәзік әрі кез-келген ақпаратты жылдам игеретін болғандықтан интернеттің зиянды тұстарын да психологиялық тұрғыдан теріс қабылдаулары мүмкін.

Зерттеушілер зорлықты насихаттайтын барлық сипаттағы ақпарат құралдарының адам мінез-құлқына ықпалын ондаған жылдар бойы зерттеді. Пікірталас әлі күнге жалғасып жатса да, жалпы қорытынды, әсіресе агрессиялық сияқты кері салдарының көп екенін аңғартады. Зерттеушілердің басым бөлігі видео ойындарға қатысты алғанда, зорлық-зомбылықтың ықпалын қарастырады. Нәтиже көңіл көншітпейді: зорлықтың ауыр түрі, кек қайтару сезімі және басқа адамдарға шын мәнінде агрессиялы мінез көрсету сияқты агрессияның жоғары деңгейіне байланысты екені байқалады.

Ойындар кейбір жас адамдарды салдары теріс болуы мүмкін шектен тыс қолдану цикліне жетелеуі мүмкін. Мысалы, олар белгілі бір уақыт ішінде интернетке кіре алмаса, бас тарту қажеттігін сезінеді, дегенмен онлайн – уақытты қысқартуға қанша тырысса да, қайта оралып соға береді. Олардың үлгерімі де төмендейді, ал интернетті қолдану оның отбасы мен достарына қарым-қатынасына да қатты әсер етеді.

Финляндияда жүргізілген жалғаспалы зерттеу пайымдағандай, технологияларға оңай қолы жеткен адамның ұйқысы міндетті түрде қана қоймайды. [6]. Төртінші және бесінші сынып оқушылары 18 айға созылған зерттеуге қатыстырылды. Онда балалардың ұйықтау ерекшелігі және технологияны қалай қолданатыны бағаланды. Зерттеу анықтағандай, компьютер қолданған немесе теледидар қараған балалар басқаларға қарағанда аз ұйықтаған және кеш жатқан.

Жасы алтыдан он алтыға дейінгі 2000 швед баласы қатыстырылған тағы бір зерттеуде аз ұйықтағандардың болашақта компьютерді өте көп қолданушылардың және мектепті онша ұната қоймайтынын айтатындардың қатарынан болатыны күмәнсіз екені көрінді. [7] Ең кішкентай балалар түнде ұйықтап кетуден көп қиналған жоқ, бірақ жасөспірімдерде ұйқысыздық байқалды. Олар таңертең тұрғанда қиналатын болды, сосон көп уақыт бойы мектепте шаршап жүретін еді.

Ұйқысы қанбаған балалар мен жасөспірімдер мектептегі үлгерім мәселесінде ғана емес, басқа көп шаруада қауіпке жиі ұшырайды. Ұйқыдан айырыла отырып, олар ден қою қасиетін төмендетіп алады, бұл олардың қауіпсіздігіне әсер етуі мүмкін. [5, 230 б.]

Әрине, ұйқының бұзылуы салдарынан бастауыш сынып оқушыларының білім алуға деген ынталары да тежеле беретіні анық. Тіпті, психологиялық күйзеліске түсіп, қоғамнан

алшақтап, томаға-тұйықталып, мінез-құлығында айтарлықтай өзгерістер пайда бола бастайды.

Ойыншылардың видео ойындарға басымен кіріп, өзі туралы ойлауға да шамасы келмей қалатыны туралы қайғылы оқиғалар ақпарат құралдарының бас тақырыбына айналған, ал кейбір жағдай іс жүзінде қайғылы оқиғаға да әкеліп соқтырады. [5,199 б.].

Интернетті сауатты қолдануды насихаттау мектеп аясында кеңінен жүргізілгенімен, ол үйде өзінің жалғасын табуы қажет. Себебі, балалар уақыттың көп бөлігін отбасымен өткізеді. Балалардың тәрбиесі де осы орайда үлкен сынға түседі. Жансыз темірлер жасөспірімнің санасын улап, жаман қылық танытуға жол бермеуін қадағалау қажет.

Өкінішке орай, интернетте балалар құқығын қорғау мүмкін емес. Ол жас ерекшелігіне сай ақпаратты сұрыптай алмайды. Жалпыға бірдей қолжетімді тұста, кез-келген бөліміне кіріп, еш кедергісіз мәліметпен танысуға болады. Ең сорақысы, баланың психологиясына кері әсерін тигізетін сансыз жарнамалар бірінен кейін бірі шығып, өздеріне жіпсіз тартуда. Арам пиғылды жандар да виртуалды әлемді пайдаланып, жас буын өкілдеріне қысым жасаудан жасқанбай келеді. Кибершабуылдау өкінішке орай әлі тыйылмай тұр. Психологиялық қысым көрсету арқылы балалардың санасын улап, тура жолдан тайдырып, өз діттегендеріне еш қиындық қол жеткізуде. Тұңғышқа тереңінен батпауы үшін ата – ана өз баласына үнемі жіті назар аударып, көңіл бөліп, тіпті интернеттегі қаралым беттерін қадағалауы тиіс.

«Білім негізі - бастауышта», - дегендей, бастауыш сынып оқушылары білімнің ең алғашқы баспалдағына аяқ басып, жаңа өмірге бейімделіп келе жатқан тұлғалар. Дәл осы тұста оларға барынша сапалы білім мен саналы тәрбие берілуі шарт. Заманауи артықшылықтарды оң өзгеріске қарай пайдалануға түрткі болып, интернеттің білімді тереңдетуіне септігін тигізуіне тырысу қажет.

Виртуалды әлем балаға көмегін тигізгенімен, өзіндік қауіпі де жоқ емес. Ғалымдар дабыл қағып оны денсаулық, психологиялық, даму деңгейі бойынша кері әсерін тигізетіндігін алға тартуда. Тіпті, арнайы зерттеу жүргізіп, инновацияның балаға қаншалықты зиян тигізетіндігін дәлелдеп, арнайы нұсқаулықтарды алға тартуда. Мектеп бағдарламасында бүгінгі күні ақпараттық технологиялар да терең еніп, негізгі әдіс – тәсілдерге айналған. Қашықтан оқу барысында да ұстаз бен оқушы арасын байланыстыра білген дүние, дәл осы артықшылықтар еді. Алайда, жаңашылдықты жақсы қабылдай отыра, өзімізге тән құндылықтарды қаперден шығармай, ата-бабадан келе жатқан салт-дәстүрлерімізді жаңғырта отырып, ескі мен жаңаны қашан да біріктіре отыра білім берген дұрыс. Біз жаңа қадам басқан сайын қарыштап алға қарай дамып, өзгерістердің өзіндік тиімділігін аңғарудамыз. Олай болса, дамыған заманда ұлы көштен қалмай, қашан да озық елдер қатарынан көріну біздің басты мақсатымыз. Жаңалықтың жақсы жағын ұрпақ санасына сіңіріп өсіру, ескіні жаңғырту, дәріштеу, біз ұстаздар мен ата-аналардың, қоғамның бірлескен міндеті деп білемін. Саналы ұрпағымыз көп болсын!

Әдебиеттер

1.Сюй Ин. Балалардың білімге құштарлығын дамыту, тәрбиелеу туралы айту. Ляонин мұғалімдер колледжінің журналы, 2005 ж.

2.Шваб Клаус, Төртінші индустриялық революция. – Алматы: Ұлттық аударма бюросы, 2018 жыл. – 200 бет.

3.Осипова С.И., Баранова И.А., Игнатова В.А. Информатизация образования как объект педагогического анализа // Фундаментальные исследования. – 2011. – № 12 (3). – Р. 506-510.

4.Дональд А. Норман. Дизайн психологиясы. Аударған: Мэй Ционг. Пекин: CITIC Press, 2010.

5.Уоллес П. Интернет психология. - Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 2019. -356 бет

6. Nuutinen, T., Ray, C., & Roos, E. (2013). Компьютерді пайдалану, теледидар көру және жатын бөлмесінде ақпарат құралдарының болуы бойлық зерттеуде мектеп жасындағы балалардың ұйықтау әдеттерін болжайды ма? ВМС Қоғамдық денсаулық сақтау, 13 (1), 1-8. doi: 10.1186/1471-2458-13-684

7. Гарми, П., Ньюберг, П. және Якобссон, У. (2012). Швед мектеп жасындағы балалардың ұйқы, теледидар және компьютерлік әдеттері. Мектеп медбикелері журналы, 28 (6), 469-476.

LESSON STUDY ТӘСІЛІ АРҚЫЛЫ САБАҚТЫ ТИІМДІ ҰЙЫМДАСТЫРУ

Набуова Роза Абдрахманқызы

педагогика ғылымдарының кандидаты, қауымд. профессор м.а.

Жеңісбек Гүлина

3 курс студенті

ҚазҰлтҚызПУ, Қазақстан, Алматы қаласы, nabuova@mail.ru

Аннотация. Авторы статьи разъяснили концепцию Lesson Study и основывали свой анализ на работах отечественных и зарубежных ученых и педагогов-новаторов. Lesson Study считается уникальным примером исследования действий в классе. Анализируя подход Lesson Study, авторы утверждают, что Lesson Study влияет на факторы, способствующие непрерывному профессиональному развитию учителей в педагогической деятельности. Приведены примеры конкретных приложений в педагогической практике.

Ключевые слова: урок, Lesson Study, деятельность, учебный процесс, исследование.

Annotation. The authors of the article explained the concept of Lesson Study and analyzed the works of domestic and foreign scientists and innovative teachers. Lesson Study is seen as a unique example of classroom activity research. Analyzing the Lesson Study approach, the authors conclude that Lesson Study influences the factors that contribute to the continuous professional development of teachers in the teaching profession. Examples of specific applications in teacher practice are given.

Key words: lesson, Lesson Study, activity, educational process, research.

Lesson Study – мұғалім тәжірибесі саласындағы білімді жетілдіруге бағытталған, сабақтағы іс-әрекеттегі зерттеудің ерекше үлгісі болып табылатын педагогикалық тәсіл [1,4].

Топтық рефлексияны арнайы зерттеген М.И.Найденков: “Топтық рефлексияның тиімді болуының шарты әріптестердің ұжымшылдық позициялары мен соған сәйкес кооперациялық стратегияны жүзеге асыруында. Топтық рефлексия зияткерлік еңбекке дайын болудың негізгі факторларының бірі болып табылады және дайындық деңгейінде елеулі өзгеріс болуын қамтамасыз етеді [5,9]” - деп көрсетеді.

Мұғалімдер топтық рефлексия арқылы бірлескен оқудың маңызын неғұрлым терең түсініп, тұлға ретінде өсіп, әріптестерімен қарым-қатынастың және зияткерліктің жаңа деңгейіне көтерілетін болады. Топтық рефлексия үдерісінде мұғалімнің жеке рефлексиясы да қалыптасады. Сабақ барысында топтық рефлексия бірден қалыптаса қалады деу күрделі екені белгілі. Бұл мұғалімнің кезең-кезеңімен тұрақты жүргізіп отырған жұмысының нәтижесі болмақ. Топтық рефлексияға апаратын қадамдардың бірі мұғалімдерге кооперативтік рефлексия дағдыларын меңгерту болып табылады.

Сабақты зерттеу – топпен жұмыс істейтін мұғалімдердің кәсіби оқуын ұйымдастыратын, яғни бірлескен іс-әрекеті Lesson Study тәсілі арқылы жүзеге асырылуда.

Ғылым саласында «іс-әрекеттегі зерттеу» деген санаттың енгізілуін әдетте Курт Левиннің атымен байланыстырады. Іс-әрекеттегі зерттеу «спираль бойынша адымдап дамитынын, әр адым жоспарлаудан, әрекеттен және әрекет нәтижесін бағалаудан тұратынын» бірінші сипаттаған Левин болды. Іс-әрекеттегі зерттеу - күрделі, әрі қызық үдеріс.